# Хаттама №1.

10.09.2020ж.

Қатысты- адам

Күн тәртібінде

1. Аягөз қаласы дарынды балаларға арналған мамандандырылған гимназиясында кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыру
2. Мектепте санитарлық нормалардың сақталу жағдайы
3. Мектеп жұмыс істейтін платформалар, оқыту форматтары
4. Аз қамтылған, көпбалалы отбасы балаларын компьютермен қамту.

Гимназия директоры А.Дюсембаев қамқоршылық кеңес мүшелеріне мектептегі кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыру ерекшелігін таныстырып өтті. Барлығы 2 ауысымда 6 сынып 116 оқушы қамтылып, қашықтықтан оқытылу жағдайы туралы ақпаратпен бөлісіп, санитарлық эпидемиологиялық талаптардың қаншалықты деңгейде орындалып жатқанын көрсетілді. Жалпы мектепке 1 санитарлық дәліз бірнеше көлемде, әр сыныпта санитайзер мен дәліздерде қолды зарарсыздандыру құралдарының қойылуы, оның саны көрсетілді.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Есельбаева сыныпта оқушылардың бетперделені үнемі киіп жүруі туралы сауал қойып, нақты жауап алды. Санитарлық нормаларда көрсетілген талаптар туралы түсініктеме жасалды.

Кезекші сыныптарда тазалық сақтау шараларының жүзеге асырылу реті, уақыты, қолданған маска, перчаткаларды сақтау орны да көрсетілді.

Сондай-ақ мектеп басшысы қашықтықтан білім алып жатқан балалармен жұмыс жасап жатқан білім беру платформалары туралы толық ақпарат беріп өтті.

Олар Microsoft Teams, онлайн мектеп, күнделік кз балалармен тікелей байланысқа шығу, тапсырма беру оны тексеру, бірлескен әрекет жасау, онлайн мектеп тапсырмаларын орындау және нәтижесін шығару жолдары көрсетіліп, практикалық жұмыстар жасалды.

Қашықтықтан оқыту барысында туындаған қиындар жайлы қамқоршылық кеңес мүшелері ойларын ортаға салып, мектеп тарапынан қандай шаралар, әрекеттер қолдану қажеттігі туралы талқыланды.

Директордың орынбасары Г. Бақирбекова аз қамтылған, көпбалалы, толық емес отбасы балаларына қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін көрсетілген көмек түрлеріне тоқталды. Барлығы 64 оқушыға мектептен компьютер берілгені, 2 роутер құрылғысы орнатылғаны айтылды. Сондай-ақ кеңес мүшелеріне республикалық бюджеттен аз қамтылған, көпбалалы отбасын компьютермен қамтуға қаражат бөлінетіні және мектептің тізімін дайындау талқыланды. Аз қамтылған оқушылар туралы ақпарат таныстырылып, әр отбасынан 1 баланы қамту ұсынылды.

Шешім:
1. Кезекші сыныптардың жұмысын ұйымдастыруда санитарлық талаптардың орындалуын, сапалы жүзеге асырылуын күнделікті қадағалау, жауаптыларды бекіту.
2. Балалардың білім беру платформасын жүйелі, әрі сапалы қолдануын сынып жетекшілер қадағалау, ата-анамен күнделікті байланыста болу.
3. Республикалық бюджеттен 14 аз қамтылған отбасы оқушылары компьютермен қамтылсын. Босатыл[illegible]

Есельбаева М.М.
Қожабергенова А.Т.
Курмеутова Г.М.
Асылханова Б.А.
Умурзакова А.
Ибраева Г.К.